

# ЖАЙЫН

Республикалық әдеби-көркем және әдеуменшілк журнал



**Тіл мен сіл**

**Т.КОЗЫРЕВ**

Қазақстанның дүгінегі  
тілдік ахудалы...

**Мәдени мұра**

**М.Алдабергенова**

Оркениет және  
ұлттық мәдениет

**Көкейтесті**

**Р.Әбсаттар**

Қазақ киносы  
қандай халде?

**ТАРИХ және БІЗ**

**М.Шаханов**

Кыргыз эвересі  
және  
мәңгүримендердің  
егеңкүйрықының  
таесілі

№11 2010



# КӨШПЕЛІЛЕР РҮХАНИЯТЫ

Сопылық ілім арабтар мен парсылар арқылы түркілер арасына келген кезде мұлде жаңаша сипат алды. Отырықшылық өмірге көшкен түркілерде алеуметтік жіктелудің нәтижесінде сопылық поэзия да үлкен екі бағытта дамыды. Оның бірі – жазбаша сауатты ел билеушілері мен сарай қызыметкерлеріне арналған диуан әдебиеті болса, екіншісі – қарапайым халыққа бағытталған дәрүіштік поэзия болды [1]. Оның алғашқысы кітаптан окуға арналғандыктан, аruz өлшемін басты поэтикалық құрал етіп қабылдады. Созылыңқы және қысқа дауысты дыбыстардың жүйелі, мәлшерлі қайталануынан түзілетін ырғакқа негізделген аruz өлшемі түркі тілінің табиғатына сай келмейтін еді. Сондықтан диуан әдебиетінің өкілдері араб сөздері көп араласқан парсы тіліне басымдық берді. Олардың поэзиясында түркі сөздері ілуде бір кездесетін. Оның жарқын мысалы ретінде Жалалладдин Руми мен Низами шығармашылығын атаяға болады. Ал дәрүіштік поэзия қарапайым көшпілікке арналғандыктан, түркі тіліндегі жазылып, оны халық айтушылары, ашугтар музикалық аспаптардың сүйемелдеуімен ауызша айттып таратты. Қазіргі түрк әдебиетінің тарихында дәрүіштік поэзияның ең көрнекті өкілі ретінде Жұніс Әмірен (Юнус Эмре) көрсетеді.

Ал көшпелілер даласында жағдай басқа еді. Мұнда еңбек бөлінісі мен алеуметтік жіктелу көрінісі айрықша құшті емес еді. Мал шаруашылығына қатысты еңбек бөлінісінің елеусіздігі таптық антогонизмнің тууына жол бермейтін. Көшпелілер қоғамын зерттеген Д.Кішібеков оларда күл иеленушіліктің мұлдем болмағандығын жазады [2]. Сондықтан көшпелі түркілер қоғамының мүшелерінде айтарлықтай таптық, алеуметтік, тілдік, дүниетанымдық айырмашылықтардың болмауы да заңды еді. Бұл – Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің түркі тіліндегі жазылып, халық арасында ауызша тарауының ең басты себебі болатын. Оның «Диуани хикмет» жинағы ислам дініндегі түркі халықтарының діні мен ділі, тілінің тазалығына қызмет етті. Тіпті түркі тілінің мәртебесін көтеруді мақсат етіп, түркі тіліндегі арнайы шығарма жазған Әлішер Науайдан да Қожа Ахмет Ясаудің еңбегі зор екенін айтқан ғалымдар бар. Мысалы, татар зерттеушісі А.Сағди 1922 жылы жарық көрген мақаласында Ясаудің тіл үшін сінірген еңбегін айта келіп, былай дейді: «Демек түрк тілінің парсы тілімен куресінде түрк тіліне үстемдік алып беруші, түрк тілінің тамырын

терендептіп, оған жан бітіруші бас қаһарман Науай емес, бәлкім Ясауи болар» [3]. Түрк зерттеушісі Н.К.Зейбек Ясауи өз тұсында құлдырап бара жаткан түркі тілінің мәртебесін көтеру үшін, хикметтерін мақсатты түрде түркі тіліндегі жазған деген ой айтады [4]. Алайда Қожа Ахмет Ясауи алдына дәл осындай мақсат қойды деп айту киын. Біздіңше, оның түркіше жазудагы мақсаты одан да биік болған. Ол мақсат – хикметтерін қарапайым халыққа түсінікті тілде жеткізу. Өйткені жалпы адам баласының бақыты үшін күрескен әулиелер сұлтандының ұлттар арасындағы бәсекеге дең қоймасы анық. Оның үстіне, парсылану қаупі сол кездегі Селжүк мемлекетіндегідей, отырышы түркілер арасында болғанымен, Ясауи өмір сүрген ортада дәл олай емес еді. М.Ф.Көпірілі Қожа Ахмет Ясаудің аргу түркілері арасында өмір сүргенін, аргулардың түркі және соғыс тілдерінде қатар сөйлегенін, оларда шет тілдерінің ықпалы күшті болғанын жазады [5]. Бірақ Ясаудің өз хикметтерін бірлі-екілі тайпа үшін емес, жалпы халық үшін жазғаны ақиқат. Сол себепті сол кездегі түркілердің басым болігі көшпелі болғандықтан және олардың көшпілігі жазбаша сауатсыз болғандықтан, ол хикметтерді түркіше және фольклорлық поэзияның өлшемдерімен жазды. Халық арасында кең тараган хикметтер түркі тілі мәртебесінің күрт көтерілуіне және халықтың көркемдік ойлауының жаңаша серпін алуына айрықша ықпал еткен даусыз.

Түркілер әлемінде жазбаша да, ауызша да катар тараган Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикмет» еңбегі сопылық ілімнің, дәлірек айтқанда, хал ілімінің мәнін ұғындыруға өлшеусіз қызмет етті. Әрине, бұл орта сопылық іліммен бұған дейін де біршама таныс болатын. Оған Жүсіп Баласағұннің «Құтты белгі» мен Ахмет Юғінекидің «Ақиқат сыйы» шығармалары куә. Алайда «Диуани хикметтің» бұл ілімді таратудагы орнының өзгеше болатынының ең басты себебі – оның мазмұнының терендігімен бірге, өлшемдік тұрғыда халық поэзиясына барынша жақындығы еді. М.Ф.Көпірілі: «Қ.А.Ясауи шығармасында әуелде айттылып өткендей, басты әрі негізгі екі нәрсе көзде түседі: исламдық, яғни діні-сопылық ерекшелік пен ұлттық, яғни халық әдебиетінен алынған элемент. Исламдық ерекшелігі негізінен шығармандың тақырыбынан, мазмұнынан, мағынасынан орын алса, ұлттық ерекшелік, көрісінше, өлсеннің пішінінен, түрінен, өлшемінен



орын алады. Исламды жаңадан қабылдаған және бұл діннің негіздерін түсінуге ұмтылған түркілер пішіні, пошымы жағынан өздеріне ешқандай жат емес бұл шығармаға үлкен баға берген еді. Негізінен такырыбы мен мазмұны да оларды қызықтырганы үшін, «Диуани хикмет» халық арасында қасиетті шығармаға айналды» [5,225], – дейді. Өте орынды айтылған пікір. Алайда «Диуани хикметтің» халық арасында кең тарауына тек кана оның фольклорлық пішінде жазылуы себеп болды десек, бір жақты кеткендік болар еді. Мазмұны тын шығарманы оңай қабылдаپ, оны ішіп әкетуі үшін соған қолайлы ортаның қажет екені белгілі. Қ.А.Ясауи өмір сурғен ортада дәл осындай жағдай болды. «Диуани хикметтің» исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдаған елдерде емес, пүтка табынушы қарқытайлар билеген өлкеде қанаттануының өзіндік себептері де жоқ емес. Шаригат заңдарын қатан басшылыққа алу салдарынан доктринизме ұрынған орта шаригат нормаларына сый бермейтін тарикат, хакикат әдептерін қабылдай алмаса, дін қағидаларынан хабары аз қауымда мұндай кедергінің аз болатыны мәлім. Бұл – бір, екіншіден, осы өлкеде ескі сопылықтың әдет-ғұрыптарының іздері көп еді. Сопылық жолдың белгісіз бір өкілі айткан: «Сопылық дәні Адам-Ата тұсында себіліп, Нұх пайғамбар тұсында көктеп, Ибраһим пайғамбар тұсында ғулдел, Мұса пайғамбар тұсында бұтқатап, Иса пайғамбар тұсында пісіп, Мұхаммед пайғамбар тұсында таза шарапқа айналды» [6], – деген сөзі рухани ішімнің тарихынан мол хабар беріп тұр. Эр пайғамбартың келген діннің ақыраты бұрмаланып, соны қалына келтірудің қажеттілігінен туған, келесі дін келгенте дейін, руханият ғазалығы үшін курескен сопылар адамзат тарихының барлық кезеңінде болған. Анахарис (Анық Арыс), Тоныкек, Коркыт атапардың сопылық жолдан рухани қуат алған әулиелер екені көп күмән тутыза қоймайды. Мұны олардың зауде бір, түрлі себептермен хатка түсіп қалған кейбір ой-шілдірлерінің кейінгі сопылық поэзия екілдерінің сөздерімен мазмұндастырылған факттай алады. Құдайдың ешісі саналатын әр пайғамбардың кезеңдегі діннің ақыраты үшін курескен сопылар ықпалы даалалықтар арасында күшті болғанын тарихтың комескі мәдениеттерінен сезінүү кілін емес. Бұл да Ясауи хикметтерінің халық арасында кең тарауына қолайлы жағдай тутызыған фактордың бірі.

Көшпелі түркі ру-тайшаларының ислам дінін қалай қабылдағаны жайлы осы кезге дейін орындық шілдерлер айтылған жоқ деуте болады. Коллеген ғалымдар бұған қалысты шындықты өз заманына тән қозқарас түркьысынан және өз дәүіріндегі қогамдық-әлеуметтік заңдылықтар өшешімен бағалады. Мәселең, дааламызға ислам діннің келуіне қалысты айтылғатын «араб экспансиясы», «араб басқыншылығы» туралы болжамды айтсақ, осының анық дәрелі бола алады. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар мемлекеттің әдебиетінде оның қаупі аз болатын. Көшпел-коның жүретін шаруа үшін артық дүниенің

фат тарихына «басқыншылық» атауын телудің мұлде жөнсіз екені анық. Себебі адамсүйгіштікі (гуманизм) үрдіске айналдырып, бүкіл адамзат қоғамына жайған олардың басқыншылық саясат жүргізгені жайлы ой қозғау тіпті кисынға (логика) келмейді. Әдette бұл идеяны пайғамбарымыз беріп кейінгі төрт халифаның рухани кемелділіктің ең биік шынына жеткен жандар екенін білмейтін немесе білгісі келмейтін, оларды да қызғаныш пен құншілдік бойынан табыла беретін қаралайым пенде деп санайтын атеистік қозқарас иелері айтты. Олардың бойынан тек ізгілікті қасиеттер ғана табылатынына сенімі мол дінін қозқарастағы адам бұл кисынның жөнсіз екенін бірден байқайды. Оның үстіне, қазақ даласында арабтармен болған соғыс жайында ешқандай айғақ жок. Сондай-ақ арабтардың көптеп келіп, мектеп-мәдресе ашып, халықты сауаттандырығаны туралы да мәліметтер кездеспейді. Қөшпелілер даласын арапап өткен саяхатшы-тарихшы арабтар болмаса, елдің ішіне келіп тұрактап, жазу-сызуға үйреткен миссионер туралы да ешбір жәдігерлік жок. Осыдан келіп, біршама ғалымдар «туркілер ислам дінін өз еріктерімен қабылдаған» деп байлада жасады. Бірақ түркілер исламды неліктен оңай қабылдады деген саяул төнірегінде терең талдау жасала коймады.

Шындығында, түркілердің исламды қабылдауын дұрыс түсіндіріп беруге материалистік негіздейі ғалымның ересі жетпейтін еді. Өйткені бұл үрдіс материализмге мұлде қарама-қайшы рухани іліммен, яғни жүрек көзін ашу ілімімен тікелей байланысты болатын. Қөшпелі тайпалар арасында осы ілімді терең менгеріп, руханият білігіне жеткен әулиелер әр заманда, исламға дейін де, одан кейін де көп болған. Бұл ілімді менгеру үшін мектеп-мәдреседе ұзак білім алу шарт емес. Жазу-сызууды білмей-ақ, даналығымен әлемді таң қалдырыған хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың өмірі осының жарқын мысалы бола алады. Рухани ілім – Жаратушымен тікелей байланыска жетудің інтижесінде, оның Өзінен алынатын таным түрі. Құранда «Бақара» суресінің 31 аятында Алла тағаланың Адам Атага ілім үйреткені айттылады. Бұдан рухани, яғни ладуни ілімнің осылайша, мерзімді окусыз, Жаратушы тарарапынан ғайыптан әрі бір сөтте берілетінін антаруға болады. Осыдан келіп, ладуни ілім оңай беріледі екен деген ой тумауы керек. Керісінше, бұл үздіксіз ізденіс пен тыныссыз еңбек інтижесінде келеді. Ізденіс «мен – кіммін, кайдан келдім, кайда барымын» деген саяул төнірегінде әуелі өзін, кейін сол арқылы Жаратушы иесін тану бағытында болса, бұл ізденіс Құдайдың бір сөтке естен шығармайтын халғе жету мақсатындағы тыныссыз бейнетпен қатар жүрмек. Көшпелі тіршіліктің мұндай інтижеге жетуге септігі тиетін тұстары жеткілікті еді. Рухани ізденіске ең күшті кедергі – материалдық итіліктердің жетегінде кету болса, көшпелі тіршіліктің оның қаупі аз болатын. Көшпел-коның жүретін шаруа үшін артық дүниенің



пайдастынан кедергісі көп. Сондықтан мұндай қоғам мүшелерінің мүлік айырмашылығы аз болды.

Көшпелі қоғамда мектеп-медресе салып, жыл он екі ай бала оқытудың мүмкіндіктері де аз болды. Бірак мұның рухани ілім алуға ешқандай кедергісі жоқ екені жоғарыдағы әңгімелерден белгілі болды. Исламдағы ілім атаулы шартты түрде батини (ішкі, жүрек ілімі) және захирі (сыртқы) деп екіге бөлінсе, жазу-сызузың көбіне сыртқы ілімді үретуге жұмысалатыны белгілі. Жазбаша діни сауатты адамдардың фихқ, шариғат ілімдерінің тұтқынында қалып, көп жағдайда рухани ілімнен қалыс қалуының бір себебі осында болса керек. Семиотика саласының білгірі Ю.Лотман ауызша және жазбаша мәдениетті салыстыра келіп, жазба мәдениетінің адамды әғизге тәрбиелейтінін, ал ауызша мәдениеттің ішіндегісін бүкпесіз көрсетіп, ашық кимылдайтын адамды жоғары бағалайтынын айтады [7]. Шынында да, кітаптан білім алған ізденушінің өз-өзімен болып, дараыштыққа бет бұратынын оңай ангаруға болады. Ал жазусыз мәдениет еркендеген көшпелі қоғамда адамдардың сұхбатқа бейімділігінің, белсенділігінің нәтижесінде даналық қасиет өз деңгейінде бағаланады. Данышпандар құрметtelіп қана қоймай, көшпілік соны улға тұтады. Алайда бұдан рухани ілімнің көшпелі қоғамда ғана дамитыны және жазу мәдениетінің қажетсіздігі туралы әңгіме айтылып отыр деген ой тумауы керек. Рухани ілімнің отырықшы елдерде де дамыған кездері аз емес, жазу мәдениетінің де қоғамға тиізген пайдасты өлшеусіз. Бұл жерде сөз көшпелілер мәдениетінің руханият дамуына туғызған қолайлы жағдайы туралы ғана болып отыр. Осындай қолайлылық өз нәтижесін беріп, көшпелілер арасынан шықкан әулиелер сан жағынан да, сапа жағынан да артықшылық танытты.

Рухани ілімге қол жеткізген әулиелердің таныған хакиқаты бір. Олар өзгелерге бейтанаңыс, құпия әлемдердің көреалады, болашакты болжайтын қасиетке ие болады. Әлемнің әр түкпіріндегі әулиелердің айткан сөзі мен ісінде бірліктің және бәрінің бір кезқараста болуының басты себебі осында. Егер ислам қақ дін болса, хакиқатты жазу-сызузыз, қасиетті кітаптарсыз-ақ таныған әулиелердің (сондай-ақ олардың жазбаша сауаттылары да көп болды) жолы өз-өзінен исламға барады. Түркілердің исламды онай кабылдауының себебі де осыдан келіп шығады. Ислам діні пайда болып, әлемге тарай бастаған кезде де түркілер арасында жүрек көзі аптылған әулиелердің болғаны, оларосы хакиқатты рухани ілім арқылы біліп отырганы және оны бірден колдағаны күмән туғыза коймайды. Э.Диваев жариялаған бір анызда мынадай оқиға баяндалады: Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар сахабаларымен бірге Ухуд тауында кәпірлермен соғысып жатқан кезде, кәпірлерге жан-жактан көмек келе бастайды. Сахабалар Құдайдан жалбарынып жәрдем сұрағанда, белгісіз бір тайпа шыға келіп, мұсылмандар жағына қосылған. Пайғамбарымыз

(с.ғ.с.) олардың ұрысқа түсін сұрап, арабша, кейін парсыша үн қатканда олар түсінбеген. Әбу Бәкірден (р.ғ.) бұл топтың Түркістан жақтан келгенін біліп, түрікше бұйырганда, олар кәпірлерге лап қойып, жауды тым-тыракай қашырган [8]. Бұл аныздың шындыққа жақын жақтары көп. Түркі жұртынан шыққан, қазір бізге есімі белгісіз әулиелердің исламды әуел бастан қолдағанына, жәрдем көрсеткеніне сенім мол, соны дәлелдейтін айғақтар да бар. Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат-ат түрік» еңбегінде мынадай бір қызық мәлімет бар: «Мен тәңірінің дәүлет ұсын түріктер жұлдызына жаратқандығын және гарышты солардың заманы үстінен айналдырып қойғанын көрдім. Тәңірі оларды «түрік» деп атады. Әрі оларды мемлекетке еге қылды. Заманымыздың хакандарын түріктерден шығарып, дәуір, халықтың ақыл-ерік тізгінін солардың қолына ұstattы; оларды адамдарға бас қылды; қақ істерде соларды қолдады; олармен бірге курескендерді әзіз қылды әрі түріктер ішінен соларды барша тілектеріне жеткізіп, жамандардан, зұлымдардан қорғады.

Шайх Әбубәкірдің акырзаман турасында жазған бір кітабында ұлы пайғамбарымыздан нақыл келтіріп, мынадай хадисті баян етеді: «Ұлы тәңірі: Менің бір тайпа қосынды бар, оларды «түрік» деп атадым, оларды құшығыска орналастырудым. Бір ұлық ашууланып, назалансам түріктерді соларға карсы саламын» депті» [9]. Түркілер жұртынан Батысқа жасалған жорықтардың, мәселен, Еділ патшаның (Аттила), Шыңғыс ханның жүргізген соғыстардың түпкі мақсатын қазіргі тарихшылардың түсіндіріп бере алмауы көп жайты аңғартады. Орхон жазбаларында да, «Монголдың құпия шежіресінде» де, халық аныздарында да түркі қагандарының жорыққа Құдайдың әмірімен аттанғаны айтЫлады. Және оларды өз заманындағы халықтар «Құдайдың қылышы», «Құдайдың камышысы» деп атаган. Еділ патшага байланысты шетелдік дереккөздерге сүйеніп, толымды еңбек жазған С.Өтениязов осы ақиқат жөнінде былай ой түйіндейді: «Сол VIII ғасыр ақырында пайда болған аныздарда Аттила Галлияда (қазіргі Франция жері) бекініс, храм, бірде-бір кала калдырмай құлатқан, шапкан. (...) Сол аныздар екінші жағынан Аттиланың ақылдылығы, данишпан мемлекет қайраткері, ұлы қолбасшы және әділ басқарушы болғанын жасыра алмайды. Сондықтан оны құдайдың жердегі ешісі ретінде танып, әр түрлі мифтер құрастырылған. Оны Еуропа халықтары тілінде «Құдай токпак» (орысша «Бич Божий») ла-тын, француз, испан, неміс, ағылшын, т.б. тілдерде «Құдай қамшы» деп атайды» [10]. Дәл осы сияқты әңгімелер Шыңғысханға да қатысты айтЫлған. Тіпті ислам әлемі оны Құдайдың өзі колдаған, Қызыр жолдас болған киелі тұлға деп санаган. Мұны соңына ислам елдерінے жақсы танымаған «Тазкират ал-аулия» («Әулиелер туралы естелік») атты жинақ калдырган Фарид ад-дин Аттардың әмірінен қатысты



мына әңгімен көргө болады. «Шыңғысхан Нишапурға бастырып кірді және оның қатал әмірі бойынша, жауынгерлер қала түргындарын аяусыз қыра бастады. Халық көмек сұрап Аттарға келді. Ол алдындағы кесесін төңкерген кезде, ғажап оқиға болып, Шыңғысханның әскері түгел көрмей қалды. Жаппай қырған тоқтап қалды. Шыңғысхан ашулаңып, әскеріне қырғынды жалғастыруды бұйырды. Келесі күні әскер іске кірісken кезде, түрғындар Аттарға тағы да өтінішпен келді. Ол кесесін және бір төңкеріп еді, әскердің көзі көрмей, кісі өлтіру тағы тоқтады. Ушінші күні Шыңғысханның өзі жазалауға қатыспақ болып шешті де, оның бүйрығы бойынша жауынгерлер бейбіт түрғындарды өлтіре бастаған кезде, олар және көмек сұрап Аттарға келді. Аттар кесесіне қолын соза бергені сол еді, көз алдында Қызыр пайда болып, былай деді: «Сен Құдайдың қалауымен болған іске араласпауың керек. Саған онсыз да алдыңғы істегендерінің жауабын беруге тұра келеді, егер бұл жолы да араласатын болсаң, оның ақыры сен үшін өте қызын болады» [11]. Бұдан соң Аттар Шыңғысхан жауынгерінің қолынан қаза табады [11,23-24]. Белгілі тарихшы Л.Н.Гумилев Шыңғысханның немересі Батуды да орыстардың «қайырымды хан» деп атағандығын жазады [12]. Бұл ақиқат Махмұт Қашқарі өз кітабында келтірген хадиске сәйкес келеді. Ал Жаратушы әмірін мұлтікісіз орындау үшін Онымен тілелей сырласатын ладуни ілім иелерінің болуы шарт. Барлық пайғамбарлардың, сахабалардың, олардың көзін көрген табиғиндердің, әулиелердің басшылыққа алғаны осы батини (рухани, ладуни) ілім болатын. Қыпшак даласында өмір кешкен әулиелер рухани ілім нәрін халыққа көркем мінез-құлықпен таратты. Олардың істеген істері мен өмір салты, әдеттері үлгі тұтылып, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа айналды.

Бұл жағдайлардың барлығы, бір жағынан, Ясауи өнеге еткен хал ілімінің көшпелілілер ортасында кең өркен жауының алғышарттарын көрсетсе, екінші жағынан, хикметтер мен халық фольклорының түп негізінің қанаттас болғанынан хабар береді. Хал ілімінің қыпшак даласында кең түрде өркендеуінің тағы бір себебі – Ясауи заманында бұл өнірде сенім еркіндігінің болғандығы. Бұл кезде аймақты билеген қарақытайлардың ешқандай дінге қысым жасамағандығы тарихи деректерде сакталған [13]. Қарақытайлар – бұрынғы көшпелі түркі халықтарының дәстүрін ұстанған тайпалар еді. М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік» жинағындағы деректерге сүйенген зерттеуші Ш.Шәмшетдинова қарақытайларды қазіргі қарақалпак ұлтының негізін құраушы тайпалардың бірі екенине көніл боледі. «Қытай – түрки халықтары ишинде тийкарынан қарақалпақ халқының негизин кураған алты елдің бири. Қытайлар бурын Шын (Чин) мәмлекетін ийелеп турған. М.Қашқарлы олардың Жоқарғы хәм Ортанғы Шын жеринде жасағанлығын жазған.

Түркиялы изертлеуши З.Куртер арабтар XI-XII ғасирлерде қарақалпакларды усы қабилесинң аты менен «қытай» ямаса «қарақытайлар» деп атағанлығын ескертеді» [14], – дейді ол. Егер шаригат заңдары үстемдік алып, догматизм жайлаған қоғам болса, хал ілімінің еркін дамуына мүмкіндік азаятынын жоғарыда айттық. Қожа Ахмет Ясауиге өзге мемлекеттердегі догмат діндарлардың жиі сокқы жасамақ болғаны, бірақ олардың әрекеттерінің сәтсіз аяқталғаны бізге Ясауи хикметтері мен ол туралы халық аңыздарынан белгілі. Мысалы, Қожа Ахмет Ясауді дінбұзар деп есептеп, оны жөнге салмақ болып, ислам мемлекеттерінен келген Баба Машын мен Имам Меруазидің онбай женіліске ұшырап, ақырында Ясауиге шәкірт болып қалғаны хикметтерде де, аңыздарда да қатар баяндалады.

Рухани ілімді барынша терең менгерген тұлғаның бірегейі Қожа Ахмет Ясаудің қыпшак даласынан шығуы бұл ілімінің осы ортада кеңінен тарауына үлкен себеп болды. Қазіргі кезде «Ясауи жолы» деген тіркестің жиі қолданылуы әбден заңды. Алайда мұны Қожа Ахмет Ясаудің өзі ойлап тапқан жол деп ойлау қате болмақ. Ясауи жолы – пайғамбарлар мен жүрек көзі ашылған әулиелер жүріп өткен ақиқат жолы. Ясауи танымы бойынша, бұл жолдың жолбасшысы – Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар. Өзбек әдебиеттанушысы, сопылық әдебиет зерттеушісі, профессор Н.Комилов: «Ясауи ақиқасы бойынша әлемнің бастау көзінде Мұхаммед нұры жатады. Тәңірі тағала әуелі сол Нұрды бар етіп, кейін өзге әлемді жаратқан. Бұл Нұр әлем сұлулығы мен кемелдігіне тән. Ясауи өз рухын да осы Нұрмен сәйкес деп біледі. «Миғраж узра хак Мұстафа рухим курди», деп жазады ол. Бұл – Миғраж тұні Пайғамбар көктे көрген пакыр нұрьына ишара. Шайыр мен де осы нұрдай пәкпін, осы нұрданмын – пакырмын, Пайғамбардың жалғасымын, менің ышығым осы Расулалла ышығының жалғасы демекші. Ақырында Ясаудің кие тұтқан пірі Арыстанбап төрт жұз жылдан кейін тілінің астында сақтап Ахметке жеткізген құрма казіреті Пайғамбардың улесі еді, яғни Ясауи Мұхаммед факырдың, Мұхаммед сұндетінің және Мұхаммед тариқатының мираскоры» [15], – дейді. Демек Ясауи жолы – оның өзі салған жол емес, оның өзі жүрген және қоғамға танытқан жол. Рухани ілімді далағында орнықтырып, оның айқын үлгісін көрсеткен Қожа Ахмет Ясауи болғандықтан, «Ясауи жолы» деген ұғым қалыптасты. Ясауи өзі таратқан рухани ілімді «хал ілімі» деп атады. Ол ғылымқалмен, яғни қал ілімімен катар айтылады. «Қал» арабтың «қала» – «айту» деген сөзінен келіп шығады. Сопылықта қал – айтуға болатын, тілмен жеткізу мүмкін ілім, яғни адам үйрете алатын ілім болса, хал – тілмен жеткізуғе келмейтін, Жаратушының өзі ұстаздық қылатын ілім. Бұл туралы Ясауи жолының көрнекті өкілі Мәшіүр-Жүсіп Қөпейұлы былай деген болатын: «Ғылым екі түрлі болады: ғылымқал және ғылымхал. Пенден



пенде сабак алып, көзбен көріп, тілмен оқылатын окуды: «ғылымқал» дейді. Бір пендеден бір пенде мың жыл үйреніп, онымен дәнeme болмайды. Көңілден көңіл сабак алатұғын бір жол бар: оны «ғылымхал», – дейді. Бұқ көңілдегісін жүргізушінің ұстазы – Құдай тәбәрәк уа тағаланың өзінің ғылым сипаттараты, калам сағаттары болады... Жарық-нұрдың асылы Құдайдан болатын болса, ғылым нұрынан жарық, ғылым нұрынан күшті нұр бар ма?! Құдайдан ғылым нұры бір пенденің көңіліне құйылса, ғылымхал сол пендеде болады» [16]. Қал ілімінің мақсаты халге жеткізу болса, халдің мақсаты – Құдайға жеткізу. Хал таппай, қал ғылымының тұтынында қалып қою – сопы үшін ең аянышты жағдай. Өйткені ол түпкі мақсатқа жеткізе алмайды. Тіпті қабірде алынатын сұраққа да жауап беруге мүмкіндік жасай алмайды.

Мункур-Накир: «Ман раббика» деб сауал қылғай, Қала ғилимидин бир нұктаси кар қылмағай [17], – дейді бұл туралы Қ.А.Ясауи. Сондықтан әулиелер сұлтанды қал ілімін өз орнында пайдалануды ұсынып,

Кал ғилмини оқубан,

Хал ғилмиға етибан [17,202], – дейді.

Кожа Ахмет Ясауи үйреткен хал ілімі жүректегі Құдайға деген маҳаббатты оятуды көздеген. Сол арқылы ол халықтарды адамсүйгіштік тәрбиеледі. Түркі халықтарының мәдениеті мен өнерінде, әдебиетінде Кожа Ахмет Ясауи мен оның шәкірттерінің қалыптастырыған дәстүрлерінің орны өлшеусіз. Қарақалпақ әдебиеттанушысы К.Мәмбетов діни әдебиеттер жайында айта келіп, одан әрі: «Бұнан тысқары усы дәуирге тийисли болған диний-мистик әдебиаттың үекіллери де бар. Булардан Хожа Ахмет Яссавийдің «Диуани Хикмет». Сулейман Бакырганийдің «Бакырган» «Жұм-жума», «Бийбимәриям» китаплары ислам мәдениетінің қол-қанаты болуына қарамастан барлық түрк тиллес халықтарға тендей хызмет етті» [18], – дейді. Кожа Ахмет Ясауи үйреткен хал ілімі түркі халықтарының рухани гүлденуіне игі ықпал етті. Бұл гүлдену тілі, діні басқа өзге халықтарға өз асерін тигізді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Джавелидзе Э.Д. У истоков турецкой литературы II. Юнус Эмре. Тбилиси: Мецниереба, 1985.
2. Кшибеков Д. Кочевое общество: генезис, развитие, упадок. Алма-Ата, Наука, 1984, с. 93.
3. Саъдий А. Ахмад Яссавий // Яссавий ким эди? (Мақолалар ва «Хикматлардан» парчалар). Туплаб нашарга тайёрловчи ва сузбоши мұаллифи Б.Дускораев. Тошкент: Абдулла Қодрий номидаги халк мероси нашриёті, 1994, 16 б.
4. Зейбек Н.К. Кожа Ахмет Ясауи жолы және таңдамалы хикметтер (аударған Д.К.Тұрсынбайұлы). Анкара: Бойут-Тан, 2003, 51 б.
5. Көпрулұ М.Ф. Кожа Ахмет Ясауи танымы мен

тағылымы. Зерттеулер (Баспаға дайындаған – К.Коч). Шымкент: 1999, 196 б.

6. Қазақстан республикасындағы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи қорық-муражайының №1068/5 ғылыми қомекші қоры.

7. Лотман Ю. Мәдениеттер типологиясы // Әлем. Альманах. Алматы: Жазушы, 1991, 246-247 б.

8. Диваев Ә. Тарту (Құрастырган, алғы сөзін жазған Ф.Оразаева). Алматы: Ана тілі, 1992, 218-219 б.

9. Егеубай А. Махұт Қашқари. «Диуани лугат-ит-турк» (XI) // Махмұт Қашқари. Түрк тілінің сөздігі: (Диуани лұға-ит-түрк): З томдық шығармалар жинағы (Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай). Алматы: ХАНТ, 1997, 7 б.

10. Өтенияз С. Аттила (ғылыми зерттеу). Алматы: Арыс, 2000, 154 б.

11. Фарид ад-дин Аттар. Тазкират ал-аулия, или Рассказы о святых. Перевод Ольги Васильевой. Москва: САМПО, 2005, с. 23.

12. Гумилев Л.Н. От Руси до России: Очерки этнической истории. Москва: Айрис-пресс, 2004, 124-125 б.

13. Мыңжан Н. Қазақтың көне тарихы (Дайындаған М.Қані). Алматы: Жалын, 1994, 152-153 б.

14. Шәмшетдинова С. М. Қашғарлының «Деуаны лугат-ит түрк» мійнетіндеги этнонимлер // Национальный фольклор народов Центральной Азии и проблемы духовного обновления общества: материалы международной научно-практической конференции. Нукус, 27-28 ноября, 2008 год. Нукус: 2008, 189 б.

15. Комилов Н. Тасаввуф. Иккінчи китоб. Тавхид аспори. Тошкент: Faafur Fулом номидаги Адабиёт ва санъат хамда «Узбекистон нашриётлари», 1999, 84 б.

16. Мәшһүр-Жұсіп Қөпееев. Шығармалары. 9 т. Павлодар: 2006, 327 б.

17. Иасауи Кожа Ахмет. Диуани хикмет (Даналық кітабы). Жинақты баспаға әзірлеп, казақшаға аударғандар: М.Жармұхамедұлы, С.Дәүітұлы, М.Шағиғи. Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993, 184 б.

18. Мәмбетов К. Әййемги қарақалпақ әдебияты. Нөкис: Қарақалпақстан, 1976, 42 б.

**Болат ҚОРҒАНБЕКОВ,**  
филология ғылымдарының кандидаты

